

**«Жекеменшік білім беру: серіктестік және әлеуметтік жауапкершілік»
Қазақстан Республикасы ЖОО қауымдастығы жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қ.

28 қаңтар 2023 г.

Жиналысқа қатысқандар; ҚР ғылым және жоғары білім министрі - Саясат Нурбек, ҚР ҒЖБ ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің төрайымы Кобенова Г.И., ҚР жекеменшік ЖОО 50 өкілі: ректорлар, проректорлар (ҚР ЖОО қауымдастығының мүшелері).

Күн тәртібі:

1. Алшанов Рахман Алшанович, Қазақстан Республикасы ЖОО қауымдастығының Президенті.
2. «Жоғары білім беру дамуының басым бағыттары және жекеменшік ЖОО рөлі» - Саясат Нурбек, Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрі.
3. Аяшев Оналбай Аяшевич, Ж.Ташенев атындағы Университетінің құрылтайшысы.
4. «Орталық Азия инновациялық университетінің ағымды жағдайы және даму перспективалары» – Онласынов Ерлан Зулматович, Орталық Азия инновациялық университетінің ректоры.
5. «Кәсіпкерлік және бизнес ойлау дағдылары бар мамандарды даярлау» - Исмаилов Арман Оразалиевич, М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетінің ректоры.
6. «Қазақстандағы жекеменшік жоғары оқу орындарының білім беру қызметіндегі миссиясы мен әлеуметтік жауапкершілігі» - Сейткулов Нурлыбек Ақынович, Шымкент университетінің ректоры.
7. Таубаев Аяпберген Алданаевич, Esil University ректоры.
8. «Дамудың жаңа векторы» - Куатбекова Рабига Абдумусаевна, Академик А. Куатбеков атындағы Халықтар Достығы университеті.
9. Еркін микрофон.

Жиналғандар алдында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма Төрағасы-ректор **Д.П. Қожамжарова** сөз сөйледі. 80 жылдық тарихы бар еліміздің ірі көпсалалы жоғары оқу орнының қабырғасында аталған іс-шараны ұйымдастыру және өткізу мүмкіндігі үшін ҒЖБМ ризашылығын білдірді. Ол мұндай кездесулер жоғары білім берудің өзекті мәселелерін талқылауға және тиімді шешімдерді әзірлеуге арналған алаң болып табылатынын атап өтті.

Жиналыс модераторы - Қазақстан Республикасы ЖОО қауымдастығының Президенті. **Алшанов Р.А.** жекеменшік жоғары оқу орындарының ректорларымен мұндай кездесу алғаш рет өткізіліп отырғанын және бұл жоғары білімнің жеке секторына көп көңіл бөлетінін көрсетеді деп атап өтті.

Күн тәртібі бойынша ТЫНДАЛДЫ:

• Қазақстан Республикасы ЖОО қауымдастығының Президенті **Алшанов Р.А.:** Күннен күнге демографияның өсуіне байланысты, негізгі салмақ білім саласына түсетінін және жекеменшік жоғары оқу орындарын қолдау керектігіне тоқталды. Сонымен қатар, шешімі табылуы тиіс бірнеше мәселе көтерді.

1. Бүгінгі таңда, 8000-ға жуық білім бағдарламасы бар. Алайда, Атамекен жуық бағдарламаға сәйкес рейтинг құрастырып, қандай критерийлерге байла жасақталған рейтинг екендігіне тоқталды. Бұл рейтингке кірмеген көптеген ЖОО гра конкурсына қатыса алмайды. Сонымен қатар, біліктілік беру мәселесі үлкен сұрақтарды туындатады, «Кәсіби біліктілік» туралы Заңға сәйкес сертификация орталықтарына және салалық қауымдастықтарға берген функциялар ауқымды болып тұр, дегенімен көптеген жағдайда оқытуды ұйымдастыру немесе профстандарттарды жасайтын маман жоқ.

2. Болон конвенциясында бекітілген үш деңгейлі жүйе жоғары білімнің барлық үш деңгейін (бакалавриат, магистратура, PhD докторантура) академиялық дәрежелер ретінде қарастырады. ҚР ҒЖБМ Болон процесінің орталығы тарапынан емес, Қадағалау комитеті тарапынан PhD докторы академиялық дәрежесін беруді бақылау қаншалықты құқылы. Жеке меншік университеттердегі диссертациялық кеңестерге өздерін көрсетуге және дамуға мүмкіндік берілмейді, Скопус базасындағы мақалалар бойынша талаптар жылдан жылға күшейіп барады, ал қорғаған докторанттардың саны 10 пайыз ғана. Талаптарды қайта қарауды және жеңілдетуді сұраймыз.

3. Жоғары оқу орындарының мемлекеттік тілдегі оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етілуі бүгінгі күні небәрі 26,7% құрайды. Жоғары оқу орындарында жыл сайын мемлекеттік тілде білім алушылар контингенті артып келеді, ҚР ЖОО мемлекеттік тілде басып шығару арқылы оқу әдебиетінде қамтамасыз ету және мамандарды даярлаудың неғұрлым талап етілетін бағыттары бойынша үздік қазақстандық және шетелдік оқулықтарды тарату қажет.

4. Күннен күнге демографияның өсуіне байланысты, негізгі салмақ мемлекеттік жоғары оқу орындарына түсуде. Олардың контингенті күрт өсіп кетті, студенттер аудиторияларға симай жатыр, корпус салып үлгермейді. Осыған орай, жекеменшік жоғары оқу орындарын қолдау (*Грант бөлу, инвестиция тарту, жатақхану салу*) көрсету керектігіне тоқталды.

- ҚР ғылым және жоғары білім министрі **Нұрбек С.**: Ол регламентты анықтап алуды ұсынды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы ЖОО қауымдастығының жиналыстары тоқсанда бір рет өтетіні туралы атап өтті. Бүгін Қауымдастық Президенті жекеменшік ЖОО өзекті мәселелерін көтерді, Министрлік оларды міндетті түрде бақылауға алып, ұсынымдар әзірлейді. Министр негізгі баяндамашыларға сөз беруді ұсынды, содан кейін ол жалпы пікірді қорытындылайды.

- Ж.Ташенев атындағы Университет құрылтайшысы **Аяшев О.А.** Ол Сырдария университетінің Ж.Ташенев атындағы университетке ауысу процесіндегі қиындықтар туралы айтып өтті. Сонымен қатар, Атамекен ҰҚП-ның жаңадан қайта құрылған университетті рейтингке қосып, соңғы орынға қойғанына келіспейтіндігін жеткізді.

- Орталық Азия инновациялық университетінің ректоры **Онласынов Е.З.** Ол Орталық Азия университеті 15 бағыт бойынша бакалавр, 5 бағыт бойынша магистрант кадрларды дайындауда. Биылғы жылы 200 ден астам оқуға ынталы студентке түрлі деңгейде оқуға жеңілдіктер қарастылған. Практикаға бағытталған білім беруге кәсіпорындар қызығушылық танытып тұрған жоқ, осыған байланысты мемлекеттік қолдау қажет болады. ОПК рейтингтік журналдарда мақалаларын жария ету қиындыққа соғады.

- М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлі экономикалық университетінің ректоры **Исмаилов А.О.** Ол университет бүгінгі таңда 34 білім бағдарламалары негізінде кадрларды дайындауда. Университетте 6 арнайы аудитория, 38 ғылыми лаборатория жұмыс жасайтынына тоқталды. Сонымен қатар, «Сарыарқа АвтоПром» ЖШС-мен бірлесе студенттерге екі жакты оқыту, тәжірибе алмасу және біліктілікті арттыру секілді мүмкіншіліктер қарастырылған. Университет «Серпін» және басқа да мемлекеттік гранттық

бағдарламаларға қатысқысы келетінің жеткізді, ол біздің потенциалды арттырады және жастарды заманауи мамандықтарға бейімдейді. ККСОН тарапынан өткізілетін тексерулер қатаң түрде жазадау емес, әдістемелік көмек көрсету ретінде өткізілсе деген пікір білдірді.

- Шымкент университетінің ректоры **Сейткулов Н.А.** Өз сөзінде жекеменшік жоғары оқу орындарының нарықтың өзгеруіне жылдап бейімделіп, мамандарды дайындау сапасын жетілдіру, жекеменшік ЖОО-ның жылдап шешім қабылдай алуы, мемлекеттік емес білім секторының қарқынды дамуы және т.б. мүмкіншіліктеріне тоқталып өтті. Сонымен қатар, өз сөзін қорытындылай келе бірнеше тексерулерден сәтті өтумен келе жатқан, Халықаралық аккредиттеудің оң нәтижесін алған жекеменшік университеттерге сала министрі ретінде мемлекет тарапынан қолдау жасауға ықпал жасауын сұрады.

- Esil University ректоры **Таубаев А.А.** Esil университетінің 1999 жылы Астана қаласындағы НарХоз университетінің филиалы ретінде ашылғанын және 2022 жылдың сәуір айында ребрендинг жасағанын, бүгінгі таңда заман талабына сай (HR-менеджмент, Digital – Маркетинг және т.б.) білім бағдарламаларымен кадрлар дайындап жатқандығын айтып өтті. Сондай ақ, университет ғимараты жанынан білім алушыларға арналған 16-қабатты жатақхана құрылысы бастауын алып жатқандығын баяндады. Дегенімен, жеке меншік ЖОО грант конкурсына қатысу, конкурстың ережелерін қайта қарастыру, халықаралық рейтингтерге қатысу керектігі туралы тоқталып кетті.

- Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университетінің ректоры **Қуатбекова Р.А.** ЖОО базасында балабақша, орта мектеп, колледж бар. Университеттің білім алушылары үшін барлық талапқа сай жағдайлар жасалғанын және 7-қабатты жатақхана құрылысы басталатындығын айтып өтті. Университет соңғы 22 жылда өз қаражатынан 3402, ал соңғы 3 жылда 1697 білім алушыға гранттар берілді. Қазіргі таңда, Ташкент университетінің филиалын ашу жолдары қарастырылып, келіссөздер жүргізілуде.

Жиналыс модераторы **Алшанов Р.А.** кезекті еркін микрофонға беруді ұсынды.

Еркін микрофон

Усенов Аскар (УДН имени академика А.Қуатбекова): Студенты с Узбекистана которые обучались в Казахстане сталкиваются с проблемами при нострификации дипломов, возможно ли подписать двухсторонний меморандум по признанию дипломов обеих сторон?

С.Нұрбек: Өткен жылдың соңында ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Өзбекістанға іс-сапары барысында Өзбекстан Республикасының инновациялық даму министрлігімен келіс сөздер жүргізіліп, биыл шешімі табылады.

Сарсенбекова Г.А. (Халықаралық инженерлік технологиялық университетінің ректоры): Жекеменшік университеттердің білім алушылары Coursera платформасын қолдану мүмкіншілігі бар ма? Blockchain білім беру бағдарламасына сәйкес пилоттық режимге сәйкес 22 мемлекеттік жоғары оқу орнын қосылған, жекеменшік жоғары оқу орындарын қосу жоспарда бар ма?

С.Нұрбек: Blockchain білім беру бағдарламасы 22 мемлекеттік жоғары оқу орны негізінде іске асырылады және ол үшін біз танымал Бинанс компаниямен келісімге отырыдық. Coursera платформасының бүгінгі таңда техникалық мәселелері шешілуде. Coursera платформасының 583ке жуық курсы сатып алынған, алайда тек 50-ге жуық курсы қазақ тілінде пайдалануға мүмкіншілік бар екендігін айтып өтті. Сондай ақ, толық курс қазақ

тіліне аударылған жағдай да, барлық мемлекеттік, жекеменшік жоғары оқу орындарына жіберелітін болады.

Қасымбек Аят (Кәсіпкер): Жетімдер үйіндегі балаларға діни сауаттылық бойынша сабақ беруге мүмкіншілік барма?

С.Нұрбек: Бас мүфтиатпен ақылдасып, жауабын беретінін айтты.

Жиналыс модераторы **Алшанов Р.А.** бір қатар сұрақтарға жауап алынған соң, сөз кезегін ҚР ғылым және жоғары білім министрі **Саясат Нұрбекке ұсынды:**

- ҚР ғылым және жоғары білім министрі **Нұрбек С.:** Бірінші біздің ұстанымымыз **мемлекеттік немесе жекеменшік деп болмеу**, бір саламыз, қазір үлкен трансформацияның алдында тұрмыз. Көп жылдар бойы біз білім саласын әлеуметтік сала ретінде қабылдадық, яғни біз білім саласына бюджетті бөлуіміз керек, оқытуымыз керек, грант бөлуіміз керек, бұл мемлекеттің хадық алдында міндетіміз деп есептедік.

Бірақ дамыған елдерде жоғары білім саласы ол экспортқа арналған қызметтерді ұсынатын, әлемдік нарықтарға шығатын коммерцияланған сала. Демография, ішкі және сыртқы миграция мәселелері Қазақстан үшін көптеген мүмкіндіктер алып келеді және де еңбек нарығы қарқынды дамитын болады.

Бізге көптеген шетел жастары (Пакистан, Индия, Бангладеш) білім алуға қызығушылық танытқанымен біз инфрақұрылым жағынан қамтамасыз етуге дайын емеспіз. Онымен қоса өзіміздің демографиялық қарқынға қарасақ, 2030 жылы студенттер саны 1 млн. адамға жетуі мүмкін. Бюджетті екі есе, үш есе ұлғайтсақ та инфрақұрылымды жасай алмаймыз, бұл жағдайда бір ғана шешім - **шетелдік инвесторларды тарту немесе елімізде серіктестерді іздеу**. Бизнесмендер білім саласына көз қарасты өзгертті, бұл сала тұрақты екеніне көздері жетті, бұл орайда Министрлік бизнес пен ЖОО арасында кепіл беретін көпір болып жұмыс жасау керек және Үкімен тарапынан қолдау күтеміз, қаржылай қолдау құралдары жұмыс жасайтын болады. Инфрақұрылымды дамытудың екінші жолы шетелдік инвесторды тарту, оның арқасында мықты университеттерді салуымыз керек. Министрлік бұл жерде қажетті ақпарат барлығын дайындайды – нарықтың сыйымдылығы, маркетинг, нарыққа кіру шарттары және т.б. қолдау жасайды, ал ЖОО инвесторларды тауып олармен жұмыс жасауға дайындалады. Тағы бір алғышарт, бір университет қанша мықты болса да, жалғыз өзі инвесторды тарта алмауы да мүмкін, сондықтан консорциум негізінде кооперация жасау қажет болады.

Жарияланымдар бойынша PhD докторанттардың Скопус және Web of Science базаларында мақаласының шықпағанына байланысты қорғай алмай жүргендерін білеміз, және кейбір ғылымдар бойынша, мысалы археология, филология, тарих сияқты талаптарды өзгерттік. Әріқарай бұл жұмысты жалғастырамыз, бірақ ең бастысы біз сапаны жоғалтып алмауымыз қажет.

Профстандарт бойынша мәселені Халықты әлеуметтік қорғау министрі Т.Дүйсеновамен көтердік. Қазіргі таңда арнайы жобалық офис құрылып жатыр осы кәсіби стандартты реттеу бойынша. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, бұрынғыдай білім мен еңбек нарығын ұштастыру мәселелері көтеріліп жатқан жоқ, өйткені миграциялық қысым өте үлкен. Бүгінгі таңда, жоғары оқу орындарына көп мүмкіншіліктер беріліп, шектеулер алынып тасталуда. Мысалы келтірсек 4 жыл оқитын білім бағдарламаларындағы 240 кредитті 2,5 жыл немесе 3 жылда бітіру көзделген. Алайда біз өте мұқият болып, білім сапасын түсіріп алмауымыз қажет. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында белгіленген 240 кредиттік білім бағдарламаларында қандай курстарды таңдау мүмкіншілігі беріледі.

Тағы да бір ЖОО үшін жасалынып жатқан жүйелік құрал - **өңірлік карта**, бізде жаңа кәсіптер Атласы жасалынды – ол салалық болып табылады, енді әр өңірде өзінің Атласы

құрылады және облыстарға өзіне арнап Атлас дайындап таратып береміз. Ол бойынша ЖОО өз өңірлеріне немесе көршілес аймақтарға қандай маман қажет екенін біліп отырады.

Мысалы, «КТЖ» АҚ компаниясы қазіргі таңда өз тарапынан темір жол саласында тәжірибесі бар университетті іздеуде және Министрлікке сұраныс жіберіп отыр. Мәселен, Дулатов атындағы КИНЭУ осы мүмкіндікті жіберіл алмау керек.

Министрліктің мақсаты **жоғары оқу орындар мен инвесторлар арасында кооперация жасау**, оған үйрету. Жоғары оқу орындар өз тараптарынан жылдам әрекет жасап, ұсыныстарын білдіру қажет. Мемлекеттік үлкен жоғары оқу орындарына қарағанда жекеменшік университеттерде шапшаңдық бар. Ол дегеніміз жекеменшік университеттердің тез арада өзгерістер енгізу, бағдаламаларды тапшылыққа сәйкес бейімдеп ұсыныстар енгізу мүмкіндігі болып табылады. Қазақстанға 300-дән астам ірі компаниялар релокация жасауды жоспарлауда, осыған сәйкес үлкен инвесторлар келген жағдайда тез арада кооперация жасап, тиімді ұсыныстар беру қажет. Мысалы, Арсен Томский басқаратын Indraver компаниясы 1000 адаммен ҚР көшіп келді, оны шақырдық және келесім шартқа қол қойып отырмыз. Келесі 5 жыл ішінде Томский біздің білім беру саласына 100 млн.доллар күйюға дайын. Оған бірақ тез тиімділік беретін нәтиже керек, ол ЖООнан пайдалылық әкелетін бағдарламаларды және зерттеулерді күтеді. Жалпы алғанда бізге түрлі салалардың үлкен компаниялары келеді: көлік, логистика, өнекәсіп және біз оларға өнімді ұсынуға дайын болуымыз керек.

Сонымен ЖОО командаларында бизнеске бейімді, өзгерістерге төзімді, тез есептейтін және жылдам шешім қабылдайтын мамандар қажет.

Ең бастысы келесі 5-10 жылда әлемде үлкен өзгерістер басталады, ерекше ғылыми технологиялық революция алдында тұрмыз.

Кітапханалар мәселесі жөнінде Ғылым және жоғары білім министрлігі ҚР ЖОО кітапханалар Қауымдастығы өкілдерімен кездесіп, келесім шартқа қол қойылды. Бұл салада біз міндетті түрде ынтымақтастықты орнатамыз, себебі студенттер мен оқытушылар білім алу барысында қарусыз қалмау керек. Дегенімен, дәстүрлі түрдегі әдебиет оқу заман талабына сай емес, осыған орай біз электрондық кітап, жалпы цифрлық ресурстарға көшуге бейімделуіміз қажет.

Министрлік тарапынан **университеттерге өте көп ұсыныстар** түсетін болады. Мысалы, әлемге танымал Master Card компаниясы бізге өзінің курстарын тегін ұсынып отыр. Huawei компаниясы ҚР университеттерінде 50 цифрлық лаборатория ашуды жоспарлап отыр, осы жерде меншік түріне қарамастан университеттің потенциалын бағалау арқасында шешімді компания қабылдайды.

Сондай ақ HP компаниясы тегін 1000 компьютер және 20 өнеркәсіптік 3D-принтер ұсынып отыр, ол үшін барлық ЖОО арасында конкурс жарияланады және қандай университет мықты жоба ұсынғанына қарай құрал жабдық берілетін болады.

Дегенімен, бүгінгі бас қосу барысында баяндамашылар өз университеттерінің мықты профессорлары, лабораториялары, жүргізіліп жатқан ғылыми әзірлемелер туралы, сондай ақ ғылыми жетектістерді коммерцияландыру жөнінде сөз қозғамады. Ал бұл мәселе бүгінгі күні ең маңызды болып табылады. **Бізге оқыту көп, ал зерттеу аз.** Негізінен дамыған Еуропа, Америка және Азия елдерінде ғылым моделі университет деңгейінде жасалады және барлық жаңалықтар университетте пайда болады. Біз соған үйреніп, жас ғалымдарды ЖОО тартып, ғылымның дамуына жағдай жасауымыз қажет.

Қорытындылай келе, өте қызық кезең басталады, мүмкіндіктер өте көп болады, мәселе сол мүмкіндіктерге дайын болу. Кооперация өте маңызды, өздеріңіздің күштеріңіз келмесе бірігу керек, консорциумдарға біз жақсы қараймыз, өйткені консорциум бір университеттің мықты жағымен екінші ЖОО мықты жағын күшейтіп толық мүмкіндіктерге қол жеткізе аламыз.

• **Алшанов.Р.А:** ҚР ЖОО қауымдастығының Президенті қатысушылардың атынан министрге алғыс сөздерді жеткізіп, кездесу пайдалы болып, ашық және бетпе бет әңгіме түрінде өткенін атап өтті.

ҚР ЖОО қауымдастығының келесі отырысын ағымды жылдың сәуір айында өткізілетіні туралы хабарлады. Сонымен қатар барлық қатысушыларға осы жиналыстың резолюциясы таратылды және бір аптаның ішінде ұсыныстарды жіберу керектігін естеріне салды.

• **Нұрбек .С.:** Министр ұсыныс ретінде әрбір осындай бас қосуда қабылдаған шешімдер немесе берілген ұсыныстарды қаншалықты орындалғаның қадағалуға шақырды. Сол кезде бас қосудың нәтижесі болады және келесі жиналыста «айтылды-жасалды» принцип бойынша жауапкершілікті арттыруға болады.

• **Алшанов Р.А:** Кезекті отырысты өткізуге ниетті университеттерден ұсыныс қабылдайтынын және Министрлікке ұсыныс білдіретінін айтып өтті.

• **Қожамжарова Д.П:** Сөз соңында жоғары оқу орындарының басты мақсаты білім алушыларға білім алуда барлық жағдайды жасау, жас ұрпақты тәрбиелеу болып табылатынын атап өтті.

Ректор ЖОО ұжымы атынан жиналғандарға алғыс білдіріп, жұмыстарына сәттілік тіледі.

Председатель

Секретарь



Р.А. Алшанов

Ж.Ш.Кыдырова